



Автор: Нуржасарова Айнагуль Мейрамбековна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Қазақстандағы ұлттар достастығы
Тақырып: "Қос бәйтерек достығы"

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.Т/А5. Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау. 7.ӘТН2.Еліктеу сөздің мағыналық түрін ажыратып, түсініп қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Еліктеу сөздің мағыналық түрлерін ажыра алады. Мәтіндегі деректерге сүйеніп проблемалық сұрақтар құрайды, талқылайды. Бейнелеуіштер мен еліктеуіштерді қолданып шағын эссе (50сөз)
Тілдік мақсаттар:	Лексикалық минимум Рухани философиялық,хикая, түйсік,сана,өре, ең парасатты кітап, адамзаттың ертеңі Сөйлеу мәдениетін жетілдіру үшін қолдануға ұсынылған тілдік ралымдар Менің ойымша, біріншіден, сонымен қатар, қорытындылай келе т.б.
Күтілетін нәтиже:	Оқушыларға қойылған екі мақсатқа жету, сабақтың тақырыбының мақсаттарын ашу.
Бағалау критерийлері:	Еліктеу сөздің мағыналық түрін ажыратады. Тыңдалым материалына сүйеніп, проблемалық сұрақ құрай,талқылай алады. Бейнелеуіштер мен еліктеуіштерді қолданып шығармашылық жұмыс (эссе,өлең, мақала) жазады. 8-10-«жоғары»; 7-5- «жақсы»; 4-2-«қанағат»
Құндылықтарды дарыту:	Бірлік – табылмас байлық! Мұғалім оқушылардың өзара қарым-қатынас жасауына жағымды психологиялық ахуал орнатады. Сабақ барысында мұғалім кері байланыс беру арқылы оқушыларға қолдау көрсетеді.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сабақ таныстырылымы
Пәнаралық байланыс:	Халықаралық қатынас, Қазақстан тарихы,әдебиет
Бастапқы білім:	(Оқушылар бастапқыдан нені біледі немесе осы сабақ алдында нені білуі керек? Негізгі ұғымдар,фактілер,формулалар,теориялар. Бұрыннан бар білімді қалай белсендіре аласыз?) Қабдеш Жұмаділов «Қозыкүрең» хикаяты

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1.Психологиялық жағымды ахуал орнату «Синектика» тәсілін қолданып, өзіңізді кез-келген бір жануармен теңестіріңіздер, мәнін түсіндіріңіздер. Мұғалімнің жетелеуші сұрақтары арқылы оқушылар сабақтыңтақырыбына бейімделеді. ОМ мен БК танысады. -Бәйтерек қандай ағаш? Тақырып туралы қандай ой айтар едіңдер? Оқу мақсатымен танысу, бағалау критерийлерін талқылау.	
Сабақтың ортасы	Оқылымалды тапсырмасы: Біз білеміз бе? 1.Шыңғыс Айтматов неліктен «Адамзаттың Айтматовы» атанған? 2. Әлем классигінің қай шығармасын оқыдық? 3. Мұхтар Шахановтың қай шығармасы жадыңызда сақталған,неліктен? 4. Ақынның өз замандастарынан ерекшелігі неде? 5. Былтыр Мұхтар Шахановтың қанша жылдық мерейтойы аталды? «Ақпаратқа назар салайық» айдары: «Шаханов пен Евтушенконың достығы» (слайд) Оқылым тапсырмасы «Қос бәйтерек достығы» (С.Эралиев old. abai. kz/node/22420) Мұғалім оқулықтан ойтүрткі сауалдарына жауап іздейді (3 сұрақ) -Оқушылар, оқылым мәтіні мен жаңа ақпарат арасында қандай ортақ ой бар? Дескрипторлар: - 3 минутта мәтінді түсініп оқи алады- 1 - Мәтін түрін,стилін анықтайды-1 - Ойтүрткі сұрақтарына жылдам, терең жауап береді-1	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	«Инсерт» әдісімен сабақ соңында оқушылар өз жұмысына рефлексия жүргізеді: «Маған ұнаған білімпаз» ойыны арқылы кері байланыс алынады: стикерлерге бүгінгі сабақта өзіңізге ерекше әсер қалдырған оқушының орындығына жапсырыңыз. Кім қанша стикр жинады? 7 стикер жинаған оқушылар-дарындылар, 6-5-еңбеккерлер, 4-3-талаптылар, 2-1- үміткерлер - Оқушылар өздерінің жұмысы мен сыныптастарының жұмысын белгілі бір критерийлер бойынша бағалай алады. Кері байланыс: сабақтың бастапқы критерийлеріне ораламыз. Тапсырманы орындау қаншалықты қиын болды? Келешекте неге назар аударар едіңіз? Үйге тапсырма: 5-тапсырма Энциклопедиялар мен АКТ материалдарынан ізденіп, әлемдегі танымал тұлғалар арасындағы достық туралы «Қос бәйтерек достығы» тақырыбында 100 сөзді эссе жазу. Дескрипторлар: -мазмұндылығы-2 Сөз санын сақтайды-1	
Рефлексия	Кері байланыс: сабақтың бастапқы критерийлеріне ораламыз. Тапсырманы орындау қаншалықты қиын болды? Келешекте неге назар аударар едіңіз?	